

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАГЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ  
ШЫМКЕНТ КАМПУСЫ**

**Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультеті**

**2023-2024 оқу жылындагы Денсаулық сактау (медицина) резиденттерін даярлау бағыты  
бойынша академиялық комитет Кеңесінің №3 мәжілісінің хаттamasы**

**Шымкент қаласы**

**12.12.2023ж**

**Бас ғимарат 205 аудитория**

**сағ.15-00**

**Қатысқандар: Төрагасы-Оразбаева Ж.Т.**

**Академиялық комитет кеңесінің мүшелері**

**Қатыспағандар: жок**

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Бірінші рет және қайта аккредиттеудің өзіндік бағалау есептерін әзірлеу
2. Жаңа әзірленетін ББ мазмұнын жобалау

**1. Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатысу мәселесі бойынша**

7R01122- Дерматовенерология ересектердің, балалардың, 7R01123- Жұқпалы аурулар ересектердің, балалардың, 7R01103- Жалпы хирургия, 7R01120- Травматология, ортопедия ересектердің, балалардың, 7R01121- Урология ересектердің, балалардың, 7R01119- Оториноларингология ересектердің, балалардың, 7R01101- Педиатрия, 7R01117- Физикалық медицина және реабилитация ересектердің, балалардың, 7R01116- Клиникалық фармакология, 7R01129- Патологиялық анатомия

Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеу бойынша “Хирургия және анестезиология-реанимация” кафедрасының менгерушісі, м.ғ.к., профессор У.А.Муканова сөз алды. Қазіргі танда «7R01103- Жалпы хирургия» білім беру бағдарламасын дайындау процесінде екенін айтып өтті. Біздің үшінгі мақсатымыз білім беру бағдарламасының мақсаты және оқыту нәтижелерін түжірымдап, айқындауы керектігін айтты. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік Университетінің ҚР ФБМ тарапынан 03.02.2012 жылы бекітілген №013708 санды мемлекеттік лицензиясына қосымшага сәйкес жүзеге асырылады. Лицензияның әрекет ету мерзімі шексіз, бұл БББ 2020 ашылғанымен резидент қабылдау 2023 жылы болды сол жылы мемлекеттік грант негізінде 1 резидент қабылданды. 2023 жылы 2 резидент үш жақты келісімшарт пен қабылданды.

«Неврология, психиатрия, наркология» кафедрасының менгерушісі, м.ғ.к. Г.Б.Абасова сөз алды. Резидент-дәрігерлердің даярлық деңгейіне қойылатын

талаптар білім алушылардың қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін түжірымдау керектігін атап өтіп, Денсаулық сактау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № КР ДСМ-63-бұйрығы негізінде жасалуын айтты және де келесі оқыту нәтижелерін ұсынды:

1. Пациентке жетекшілік жасау: медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде дәлелді практика негізінде клиникалық диагнозды түжірымдауға, емдеу жоспарын тагайындауға және оның тиімділігін бағалауға қабілетті;

2. Коммуникация және коллаборация: пациент үшін үздік нәтижелерге көл жеткізу мақсатында пациентпен, оның айналасымен, денсаулық сақтау мамандарымен тиімді өзара іс-қимыл жасауга қабілетті;

3.Кауіпсіздік және сапа: медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бағалауга және негұрлым тиімді әдістерді пайдалануға қабілетті;

4.Қоғамдық денсаулық сақтау: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және үйымдастыру саласы шенберінде өз мамандығы бойынша әрекет етуге, төтенше жағдайларда базалық көмек көрсетуге, ұлт денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсіби емес командалар құрамында жұмыс істеуге қабілетті;

5.Зерттеулер: барабар зерттеу мәселелерін тұжырымдауға, кәсіби әдебиетті сұни бағалауға, өзінің құнделікті қызметінде халықаралық дерекқорларды тиімді пайдалануға, зерттеу командасының жұмысына катысуға қабілетті;

6.Оқыту және дамыту: өз бетінше оқуға және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың өзге де нысандарына белсенді катысуға қабілетті.

БББ сапасыни арттыру мақсатында жыл сайын жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесіне сүйене отырып, ББ сапасын арттыру үшін, онтайлы ұсыныстар құрастырылып, элективті пәндер таңдалады. Жергілікті еңбек нарығындағы мамандарға жоғары сұраныс артып отыргандығын айттып өтті.

## ШЕШІМ №1:

Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есептерінің мәліметтері назарға алынын. Жоспарланған іс-шаралар жүзеге уақытылы іске асырылуы қадағалансын (жасауды: ББ бойынша аккредиттеу өтетін кафедра менгерушілері)

Мәлімет назарға алынын. Оқыту нәтижелерінің орындалуы қадағалансын (жасауды: кафедра менгерушілер

**2.Күн тәртібінің үшінші сұрағы жана ззірленетін БББ мазмұнын жобалау бойынша «Неврология, психиатрия, наркология» кафедрасының менгерушісі, м.ғ.к. Г.Б.Абасова сөз алды. «Физикалық медицина және реабилитация ересектердің, балалардың» БББ мазмұнын жобалау жүргізілгенін айттып өтті. Казакстан Республикасының медицина саласы бойынша реабилитолог маманы тапшы екенлігі мәлім. Түркістан облысы жене Шымкент қаласы бойынша тек екінші деңгейдегі ауруханаларда 1 штаттық келемде маман халықка қызмет жасайды. Аудандық ауруханаларменен емханаларда мүлдем штат қарастырылмаган. Бул атальыш саланың мамандарының өте аз екендігін делелдейді. Осыған орай мемлекет жергілікті бюджеттің сұранысына сәйкес жыл сайын оқыту гранттарын болуде. Университетіміздің жене де ОПК потенциалын ескере отырып «Жалпы хирургия» білім беру бағдарламасын ЖМБКБ факультетіндегі кафедрасының құраманда ашылуын және жобалануын ұсынамыз.**

Жобалану барысында БББ-ның құрылымы, пәндер тізбесі және тандау компоненттері көзірігі заманның талабына және жана Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарынданы (ГОСО) Үлгілік оку бағдарламаларының (ТУП) талабына сәйкес жасалынды.

БББ бағдарламасы жасалыну барысында білім алушлардың құзыреттіліктері, оқыту нәтижелері және оларды бағалау критериялары резидентура деңгейіне және университетіміздің бағалау ережелеріне сәйкестендірілді.

## ШЕШІМ №2:

БББ жобалау кезінде жұмыс берушілермен ақылдаса отырып БББ-ны іске асыру үшін оқыту мен оқытудың әдістерін, технологияларын білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау және қажетті ресурстар аныкталды

Жаңа әзірленетін БББ мазмұнын жобалау бойынша жұмыстың орындалуы кадағалансын **жсauапты:**  
кафедра менгерушілері)

1. Эр түрлі мәселелер болған жоқ.

**АК төрагасы:**



Оразбаева Ж.Т.